

**REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 2224-5227

Volume 1, Number 305 (2016), 39 – 44

UDC 66.074:534.121.2

PURIFICATION OIL-CONTAINING SEWAGE

G.U.Bekturyeva¹, M.I.Satayev¹, A.D.Baytugayev², Sh.K.Shapalov¹

¹ M. Auezov South Kazakhstan State University, Shimkent, Kazakhstan

² Regional of Social Innovative University, Shimkent, Kazakhstan

gulzhan.bektureeva@mail.ru

Keywords: mechanical, oil catcher; septic tank , flotation, adsorbers .

Abstract. For determination of sorbic ability of mechanic activated enveloping of bones as object researches are taken oil and oil products which are one of basic substances polluting sewage and internal reservoirs.

Oil and oil products are related to heavy-oxidized organic substances as on purified apparatuses of sewage and in natural conditions – in reservoirs.

From part of diluted gases of this field earlier wasted in atmosphere nowadays sulphur anhydride is caught. The yield of obtained at this sulphur acid composes 30% of total it's production at which it is 3 times cheaper of acid obtained with common methods in a chemical industry. Oil layer with 0.5 mm on the surface of reservoirs does hard the aeration of water, but oil on the bottom forms oil precipitations. Self-purification of reservoirs from oil occurs very slowly. For 2-7 days the amused oil-products content in water has lowering at the 293 K on 40 %, and at 278 K on 15 %. At the presence of fauna the oil layer is absence at the 0.06mm thickness through 4-6 days, and at 6 mm – through 20-22 days.

ӘОЖ 66.074:534.121.2

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

Г.У.Бектуреева¹, М.И.Сатаев¹, А.Д.Байтугаев², Ш.К.Шапалов¹

¹ М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазахстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазахстан

² Аймактық әлеуметтік-инновациялық университеті, Шымкент, Қазахстан

gulzhan.bektureeva@mail.ru

Кілт сөздер: механикалық тазарту, мұнай аулаушы, тұндырғыш, флотатор, адсорберлер.

Аннотация. Механикалық белсенділген жеміс сүйегінің қабығының сорылу қабілетін анықтау үшін, нысан ретінде зерттеу үшін мұнай және мұнай өнімдері алынды, бұл ағынды суларды және ішкі тоғандарды ластағыш негізгі зат болып табылады.

Мұнай және мұнай өнімдері тотығуы қыын органикалық заттарға жатады, олар канализацияда да, табиғи тоғандарда да бірдей болады [1-3]. Мұнай өнімдері тоғанға ағынды сулар арқылы түседі, олар әртүрлі өзгерістерге ұшырай отырып тоғанның түбіне шөгеді. Мұнай өнімдерінің судың түбіндегі бактериалдық тотығуы судың бетімен салыстырғанда 10 есеге дейін баяу етеді. 0,5 мм қалындықтағы мұнай қабығы судың бетіндегі аэрацияны қындалады, ал мұнай су түбінде мұнай тұнбасын түзеді. Тоғандардың мұнайдан өздігінен тазаруы ете баяу жүреді. 2-7 тәулік арасында судағы эмульгацияланған мұнай өнімдерінің мөлшері 293к 40%-ға төмөнделді, ал 278 К-да бар болғаны 15% болды. Су өсімдіктері болғанда мұнайлы қабық 0,06 мм-ге жойылады, 4-6 тәулікте, ал 6мм болғанда 20-22 тәулік аралығында болды.

Кіріспе

Мұнай өнімдері – көмірсүтектер мен олардың туындыларының қоспасы. Мұнай мен мұнай газдарынан алынатын жеке химиялық қосылыстар. Мұнай өнімдері отын, майлар, битумдар, ауыр көмірсүтектер және әр түрлі мұнай өнімдері сияқты негізгі топтарға бөлінеді. Отын негізінде мұнай өнімдеріне көмірсүтекті газдар мен бензин, лигроин, керосин, дизель отыны, мазут, т.б. жатады. Мұнайға серік газдар пайда болуы жөнінен табиғи газдарға жатады. Олардың бұлай ерекше аталуы мұнай кенімен бірге кездесуіне байланысты – олар мұнайдада еріген күйде болады

немесе мұнай кенінің үстін "бүркеп" жатады.

Мұнай жоғары көтерілгенде, қысым кенет төмендейді, газдар сұйық мұнайдан бөлініп шығады. Ертерек кезде мұнайға серік газдар пайдаланылмайтын, мұнай өндіретін жерде оны жағып жіберетін. Қазір ондай газдарды жинап алады, өйткені олар, табиғи газ сияқты жақсы отын және бағалы химиялық шикізат болып табылады. Құрамында метанмен бірге басқа да көмірсүтектер: этан, пропан, бутан, пентанның едәуір мөлшері болғандықтан, серік газды пайдалану мүмкіндігі табиғи газға қарағанда тіпті едәуір кен. Сондықтан табиғи газга қарағанда химиялық өндесу жолымен серік газдан заттарды көп мөлшерде алуға болады. Серік газдарды тиімді пайдалану үшін оларды құрамдары жақын қоспаларға бөледі. Пентан, гексан және басқа көмірсүтектердің қалыпты жағдайда сұйық күйде болатын қоспалары газды бензин түзеді(олар мұнайдан ішінара газбен бірге ұшып шығады). Одан кейін пропан мен бутанның қоспасы бөлінеді. Газды бензин мен пропанбутан қоспасын бөліп алғаннан кейін құргақ газ қалады, оның басым көпшілігі метан мен этан қоспасынан қуралады. Газды бензин құрамында ете ұшқыш сұйық көмірсүтектер бар, сондықтан оны двигательдерді от алдырыған кезде тез тұтандыру үшін бензинге қосады. Пропан мен бутан сұйылтылған газ түрінде, жанаармай ретінде тұрмыста пайдаланылады. Құрамы жөнінде табиғи газға ұқсас құргақ газ ацетилен, сутегі және басқа да заттар алу үшін, сол сияқты отын ретінде пайдаланылады. Мұнайға серік газдар химиялық өндесуге арналған және жеке көмірсүтектер – этан, пропан, н-бутан, т.б. бөлініп алынады. Ал олардың қанықпаған көмірсүтектер алады.

Мұнай – молекулалық массалары әр түрлі, қайнау температуралары да бірдей емес көмірсүтектердің қоспасы болғандықтан, айдау арқылы оны жеке фракцияларға (дистиляттарға бөледі, мұнайдың құрамында C5 – Cn көмірсүтектері бар және 40-200°C аралығында қайнайтын бензин құрамында C8-C14 көмірсүтектері болатын 150-200°C аралығында қайнайтын лигроин, құрамында C12-C18 көмірсүтектері болатын және 180-300°C аралығында қайнайтын керосин алады, бұлардан кейін газойль алынады. Бұның бәрі – ашық түсті мұнай өнімдері. Бензин ұшақ пен көліктердің поршенді двигательдері үшін жанаармай ретінде колданылады. Сол сияқты бензин майды, каучукты еріткіш ретінде, матаны тазартуға, т.б. қолданылады. Лигроинтрактор үшін жанаармай болады. Керосин – трактор, реактивті ұшақтар мен зымырандардың жанаармайы. Ал газойльден дизель жанаармайы өндіріледі. Мұнайдан ашық түсті өнімдерді бөліп алғаннан кейін қара түсті тұтқыр да қоймалжың сұйықтық қалады, ол – мазут. Қосымша айдау арқылы мазуттан автотрактор майы, авиация майы, дизель майы, т.б. жағармайлар алады. Мазутты өндеп жағрмай алушмен қатар оны химиялық әдіспен өңдеу арқылы бензинге айналдыруға болады, бу қазаны қондырығыларында сұйық отын ретінде пайдаланылады. Мұнайдың кейбір сорттарынан қатты көмірсүтектер қоспасы – парафиндер алынады; Қатты және сұйық көмірсүтектерді араластырып вазелин алады. Табиғи газ – жер қойнауында анаэробты органикалық заттардың ыдырауынан пайда болған газдар қоспасы.

Зерттеу әдістері

Ағынды сулар зауыттағы тазарту орындарынан механикалық, физика-химиялық және биологиялық тазартудан мына сыйза бойынша өтеді- құм тұтқыш, мұнай ұстағыш- бастапқы радиалдық тұндырығыштар- флотаторлар- аэротенктер- екінші радиалдық тұндырығыштар- тазартқыш флотаторлар-буферлік тоған- шығаратын коллектор-Ақдалалық буландырығыш-тоған.

Ағынды су науа арқылы ішкі және сыртқы дөнгелектің арасымен құмтұтқышқа түседі және жанамалап 0,3м/сек. жылдамдықпен қозғалады. Судың қозғалысына қарай орталықтан тепкіш күштің есебінен және механикалық қоспалар тығыздығының әртурлі болуынан, құмның ірі бөліктері тұнбаға түседі, шөгеді. Мұнай судың бетіне шығады немесе мұнай бөлінетін қабырғада ұсталып қалады. Мұнай өнімдері жиналу мөлшеріне қарай ішкі дөнгелек кеңістігіне құйылады, одан соң мұнай шығаратын ұңғыма көмегімен ол түскен кезде алынады. Ағынды судың механикалық бөліктерден тазартылған бір бөлігі су шығаратын науа арқылы тарататын камераға өтеді, одан соң мұнай ұстағышқа жіберіледі. Құм тұтқышта ағыс 1-2 минут болады. Құм және тұнбаға түскен механикалық қоспалар приямкаға жиналады, одан соң гидроэлеватордың көмегімен шлам жинағышқа апарылады.

Одан соң ағынды су мұнай ұстағышқа бағытталады, ол тік бұрышты темір бетоннан жасалған ыдыс, кірер жерде санылаулы темір бетон қабырға болады, ол жылдамдықты бәсендедегі және түскен ағынды суды біртекtes етіп таратады. Шығар жерде бөліп тұратын қабырға бар, бұл жерде

айналмалы мұнай жинайтын екі құбыр болады, олардың бұрылу бұрышы қолмен басқарылады, ол мұнайлы қабықтың қалыңдығына байланысты болады. Мұнай жиналатын құбырлар арасында скребкалы транспортер электр жетегімен болады, скребкалар қалқыған мұнайды үздіксіз мұнай жинағыш құбырларға қарай бағыттап отырады, ал түбіне шеккен мұнай шламын приямокқа апарады. Шлам, жиналу мөлшеріне қарай шлам жинағышқа алынады. Ағыстардың мұнай ұстағышта болу уақыты-2 сағат. Мұнай ұстағыштардағы ағынды су майда механикалық қоспалардан және мұнай өнімдерінен тазарады.

Мұнай ұстағыштан соң, ағынды су радиалдық тұндырғыштарға жөнелтіледі, ол темір бетоннан жасалған цилиндр тәріздес ыдыс, төменгі жағында приямигі бар, ол жерде айналмалы қырғыш механизмі болады, ол шөгінді қоспаны приямикке апарады. Жоғарғы бөліктің айналасында ағызатын науа орналасқан, ол түсі ағарған ағынды суды жинауға арналған. Осы жерде, қалқыған мұнайды жинауға арналған айналмалы қырғыш орнатылған. Радиус бойынша мұнай жинағыш құбыр орнатылған. Ағынды су радиалдық тұндырғыштың төменгі бөлігіне түседі және төменнен жоғары қарай жылжиды. Уақыты 6 сағат, осы уақытта майда бөліктеп тұнбаға түседі және ұсталмаған мұнай өнімдері қалқып шығады, оларды мұнай ұстағыш қырғыштың көмегімен мұнай жинағыш құбырға бағыттайты. Тұнбаға түскен мұнай шламы қырғыш механизммен приямикке алынады, ол жерден шлам жинағышқа жіберіледі.

Ағынды сулардың бұдан кейінгі тазартылуы флотаторларда жүреді- ол темір бетоннан жасалған цилиндр формалы ыдыс, төменгі жағында сығымдалған ауаны өткізуге арналған канал орналасқан. Жоғарғы бөлігіне көбік жинайтын қырғыш орнатылған ол айналып қозгалады. Айналасында ағызатын науа бар, ол тазартылған суға арналған. Флотатордың жоғарғы бөлігінде радиус бойынша мұнай жинағыш құбырлар болады. Ағынды су төменгі бөлігіне қарай ағады, бұл жерге канал арқылы сығымдалған ауа түседі. Желіні тазартылған судан тазалау үшін $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3$ коагулянтының ерітіндісін айдайды, ол мұнай өнімдерінің бөліктеп жақсы жабысуына жағдай жасайды. Флотатордан мұнай өнімдері көбіктеніп жоғары көтеріледі. Көбікті қырғышпен мұнай жинайтын құбырға тастайды, ал тазартылған ағынды суды ағызғыш науа арқылы ағысты биологиялық жолмен тазартатын аэротенкке жібереді. Ол жерде болу уақыты 30-40 мин.

Ағынды суларды биологиялық тазарту аэротенкте жүргізіледі, тік бұрышты ыдыс және 2 секциядан тұрады, әрбір секция-1- жүйеге арналған бір коридордан және 2- жүйеге арналған екі коридордан тұрады, олар ағыстар мен тұнбаның жақсы араласуы үшін қалқалармен бөлінген. Аэротенкегі ағынды су таратқыш құбырлар бойымен түседі, олар үш сатылы болады, бұл жағдай, ағыстарды реттеп отыруға мүмкіндік береді. Секцияның ұзына бойына 4 қатар етіп 850 биіктікке аэратор плеті төсөлген ол полиэтилендік перфорирленген құбырдан тұрады, ол ағынды суды аэрациялау үшін сығымдалған ауаны береді. Аэрация уақыты 6-8 сағат. Екінші радиалдық тұндырғыш, аэротенкпен байланысқан технологиялық құрылым, ол тазартылған ағынды судан белсенде тұнбаны бөліп алуға арналған. Тұндырылу уақыты 6 сағат.

Мұнай өнімдерінің топыраққа және жер асты суларына түсіп кетпеуі үшін шлам жинағыштар пайдаланылады, оларды тік бұрышты формада бетоннан жасайды, оны арнаулы гидроизоляция қабатымен сылап қояды.

Одан соң ағынды суларды толық тазарту үшін флотаторға бағыттайты- ол металдан жасалған цилиндр формалы ыдыс, төменгі жағына радиус бойымен канал орнатылған, ол ауамен қаныққан ағынды суды шығаруға арналған жоғарғы жағында тазартылған суды ағызатын науа орнатылған радиус бойымен көбік жинағыш құбыр болады. Көбікті және тұнбаны арнаулы қырғыш механизммен жүзеге асырады.

Биологиялық тазартудың кемшілігі мынады: Ағында судың шығынын шұғыл жоғарылатып жіберсе жұмыс құралдарына артық салмақ түседі, бұл жағдай, тазартылған судың және тұнбаның сапасын төмендетіп жібереді. Биологиялық тазартуға тұрақты құрамдағы су жіберілуі тиіс. Егер, судың құрамын кенеттеп өзгертіп жіберсе, ондағы улы заттар мөлшері көбейіп кетсе, тұнба жойылып кетеді. Белсенде тұнбаның құрамында көптеген микроағзалар болады. Бұл балшық өте қауіпті, оның құрамында ауру тудыратын бактериялар болады, олар адам ағзасына түсіп кетсе ауыр науқасқа шалдығуы мүмкін.

Флотатордағы соңына дейін тазартуға ерітілген органикалық байланыстардың концентрациясын төмендетуге мүмкіндік бермейді, бұл жағдай үлкен энергия шығынын талап етеді.

Экологиялық мәселені шешудегі, ғылыми талдау жұмыстары ағынды суды тазартудың жаңа технологиясын жасау қажеттілігін көрсетті, ол технологиялық процестермен салыстырғанда терендөтіп тазартуды талап етеді. Судың тазартылу сапасын жоғарылату технологиялық сызбалардың күрделі болуына әкелді, демек ағынды суларды тазарту бағасы да жоғарылады. Бұл екі фактор, біздерді химиялық өнеркәсіптердегі ағынды суды тазартудың үнемді түрлерін іздестіруге бағыттады.

Ағынды суларды тазартудың адсорбциялық пайдаланудың жоғарғы тиімділігі әдісті және техниканы дұрыс таңдаш алуша, адсорбенттер теория жүзінде нақты дәлелденген болуы тиіс. Бұл секілді зерттеулердің күрделі болуы сұлы ерітінділерден минералдық және органикалық қоспаларды бөліп алушағы сорылу теориясының дамуына себепші болды және жаңа технологиялық міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге тиіс болды.

Алынған нәтижелердің мүмкіндігін тексеру үшін, мұнай өнімдері бар ағынды суға тәжірибелер жасалды. «ШНОС» ААҚ-ы Шымкент қаласы. Нагыз ағынды сүмен жасалған тәжірибелер, мұнай өнімдерінің ерітіндісімен жасалған зертханалық тәжірибелермен сәйкес келді.

Белсендірілген сүйек қабығын пайдаланып жасалған тәжірибелер, оның адсорбент ретіндегі қасиетін дәлелдеді. Оны «НК Қазақстан темір жолы» қазығұрт ППС-да жасады.

Жүргізілген сынақтардың негізінде және әртүрлі зерттеушілердің жұмыстарын талдай келе біздер кейінгі ғылым мен техниканың жетістіктеріне жауап беретін технологиялық сызба жасадық.

Соңғы кезге дейін, сорылу қондырығыларының негізгі түрі мерзімдік сорылуға арналған болатын, бұл жерде адсорбер адсорбенттің стационарлық қабатымен бірге тазарту кезеңі аяқталғаннан соң десорбция кезеңіне қосылады.

Белгілі адсорберлердің кемшілігі аппарат жұмысының тиімділігі төмен, адсорбент көлемін толық пайдалана алмайды, белсендірілген көмір қабатындағы сорылу фазасы біркелкі тарқатылмайды, көлемі үлкен, адсорбент регенерациясын жүргізу күрделі және аппаратты басқару киын, сұлы ерітіндін тазарту дәрежесі жоғары емес.

Ағынды суды тазартудағы бұл секілді кемшілікті болдырмау үшін біздер жасаған технологиялық сызбага (1 сурет) масса алмастыру аппаратын-адсорбер костық, ол ағынды суларды тазарту процесін үлкен көлемде орындағы, адсорбенттің сұйық ағыспен қосылу жағдайын жақсартады, адсорбент қабатындағы сұйық ағысты біркелкі етіп таратады, адсорбент регенерациясын онайлатады және енбек шығынын төмөндөтеді.

Мұнайлы өнімдері бар сұлы тасқын аппараттың жоғарғы қаласына беріледі, ол тарату құрылымынан етіп белсендірілген көмір қабаты арқылы сүзіліп өтеді және аппараттан штуцер арқылы шығарылады. Аппараттың жоғарғы бөлігінен өткен ағыс қосылу камерасында тығыздығы тенеліп біркелкі болып тарапады.

Тазартылған су ағысындағы жұтылған мұнай өнімдерінің концентрациясының жоғары болып кетуі ағынды судың адсорбенттен тазартылу дәрежесін төмөндөтіп жібереді, сүзгіге салмақ түсіреді, белсендірілген сүйек қабығын регенерацияға ұшыратады. Бұл жағдай үшін кран штуцерлерінің көмегімен бастапқы су ағысын тоқтатады, регенерациялайтын агент жіберіледі (ыстық бу) және қосылу камерасына адсорбенттен бірге жіберіледі. Белсендірілген сүйек қабығынан ажыратылған мұнай өнімдері регенерациялайтын агенттен бірге штуцер арқылы ендіріледі.

Адсорбердің әсері аппараттың пайдалы көлемін жоғары дәрежеде пайдаланудың есебінен өседі, адсорбент қабатындағы бастапқы сұйық фазаны біркелкі таркатудан, адсорбенттің көмегімен регенерациялаудан, ағынды судың тазару сапасының тұракты болуынан, адсорбент қабатын біркелкі термостаттаудан, сонымен қатар, аппараттың ықшамды, ынғайлы болуынан болады, бұл жағдай, қаржылық және пайдалану шығынын қысқартады.

Ағынды суларды тазарту үшін белсендірілген сүйек қабығын пайдалану тазарту тиімділігін 99%-ға дейін жоғарылатады.

Сұйық фазадағы процестің үздіксіз болуы бірдей екі адсорбердің бірігуін қамтамасыз етеді. Бір адсорбер сұлы ағысты тазарту процесінде жұмыс істесе, екіншісі регенерация кезеңінде болады.


Адсорберлердің технологиялық есебі үшін бастапқы параметрлері мыналар болады: бастапқы ағынды судың жұмсалуын және құрамы; сорбенттің қасиеті; адсорбция және регенерация өтуге тиіс жағдайлар; тазартылған судағы мұнай өнімдерінің шектік рұхсат етілетін концентрациясы. Есептеу мақсаты: аппараттың негізгі өлшемін анықтау (сорбент қабатының биіктігін және

диаметрін анықтау), сорылу кезеңінің ұзақтығы және регенерация, барлық қондырғылардың үздіксіз- циклдік жұмысын қамтамасыз ететін адсорберлер саны.

1 кестеде есептеу әдісін жасаған автордың, мұнай өнімдерінен ағынды суды сорылу жолымен тазарту процесі және аппараттың техникалық сипаты көрсетілген.

Кесте 1- Іркінді суларды мұнай өнімдерінен адсорбциялық тазарту процесстері мен аппараттарының қасиеттері.

Атауы	Мәні	Өлшем бірлігі
Іркінді судің көлемі	$5,787 \cdot 10^{-3}$	м ² /сек
Ағынның жылдамдығы	$2,778 \cdot 10^{-3}$	м/сек
Бастапқы концентрациясы	0,025	кг/м ³
Соңғы концентрациясы	$2 \cdot 10^{-4}$	кг/м ³
Аппараттың биіктігі	3,43	м
Көлденең қылышсызының ауданы	2,91	м ²
Аппараттың ұзындығы	2,1	м
Аппараттың ені	1,8	м
Камераның ұзындығы	0,640	м
Камераның ені	0,254	м
Байланыс камерасының саны	18	шт
Аппараттағы адсорбенттің массасы	3860	кг
Адсорбенттің төгілген тығыздығы	540	кг/м ³
Кабаттың менишкіті беткейі	1300	м ² /м ³
Түйрішктердің радиусы	$2,4 \cdot 10^{-4}$	м
Бөлшектің эквивалентті диаметрі	$4,8 \cdot 10^{-4}$	м
Кабаттың әрқайсысы	0,585	
Регенерация циклдерінің саны	20	



1 – механикалық тазарту; 2 – мұнай аулаупы; 3 – тұндырығыш; 4 – флотатор; 5 – адсорберлер.
Сурет 1- Іркінді суларды тазартудың ұснылыттын сұзба-нұсқасы

Зерттеу нәтижелері

Ерітінділерді ультрасұзғімен бөлуге арналған бұл процесті химиялық және мұнайды қайта өндеу өнеркәсіптік салаларында колдануға болады, ал мембранның аппарат, коспаларды бөлу кезіндегі процесті концентрациялық полярлануды төмендетудің есебінен жүргізе алады.

Қозғалмайтын мембранның элементтері бар мембранның аппараттың құрылымдық және режимдік параметрлерін есептеу мақсатында бағдарламалық жинақ жасалды, бұл жағдай, алынған есептеулерді және тәндеулерді өндеуге арналды, оны математикалық есептеулерге арналағы «Mathlab v.5.21» « MathCAD 2001 professional»-да жүргіздік.

Концентрациялық полярлануды болдырмау үшін мембранның элементтердің жолақты пластинадан, жумсақ тәсемдерден және жартылай өткізгіш мембраналардан тұратын түрлерін пайдалану ұснылады, бұл жерде пласатина бетіндегі жолақтар бір-біріне қарама-қарсы айқасып 145° бұрышта орналасады. Бұл жердегі энергия араластыру үшін емес, ағысты бір шенберде турбулизациялауға жұмсалуы тиіс.

Нәтижелердің талқылауы

Экологиялық моделдеуді және мәліметтерді талдайтын, жинауға арналған кешен, бірнеше бір-бірімен интегралдық бағдарламалардан тұрады, оған геоакпараттық жүйе енеді, аумақтың ластану жағдайын басқаратын жүйе, аумақтағы өндірістік өзгерістерді немесе онын даму жағдайын модельдейтін жүйелер, сұлы нысандарға түсетін қоқыстарды басқаратын жүйелер енеді. Бұл жұмыстың маңызды ерекшеліктері тек қана экологиялық зардалтарды моделдеу ғана емес, оларды жоюдын анализін жасап тиімді жолдарды іздестіру болып табылады. Бұл кешен экология саласындағы барлық басқару аспектін қамтуы тиіс- мәліметтерді жинау және мәліметсіз ұйымдастыру, экологиялық жағдайларды моделдеу, экологиялық мониторинг өткізу, шешімдер қабылдау, технологияны экология саласына тарту. Бұл міндеттерді үш топқа бөлуге болады:

- мәліметтерді жинақтау және экологиялық жағдайларды солардың негізінде моделдеу;
- моделдесу нәтижесін анализдеу және оларды геотаратылу түрінде көрсету;
- жекелеген экологиялық мәселелерді шешу әдістерін нақты түрде таңдап алу және осы әдістердің сапасын тексеру.

Қорытынды

Мұнай өнімдерінің сорылуына жасалған математикалық модель белсендерілген жеміс сүйегінен қозғалмайтын қабатта жүргізіледі және адсорберде, мұнайлы ағынды суларды тазартудың тиімді сызбасын есептеу әдісінің құрамдық бөлігі ретінде ұсынылады. Бұл жерде, енү және тұтылу коэффициенттерін анықтауға арналған тендеу ұсынылған ағыстық көлемді ұсталатын заттардың концентрациясының өзгеруіне қарай байланыстыратын дифференциалдық тендеу бар.

Зерттеуді қаржыландыру көзі

Б-11-04-1 «Техногендік қалдықтар мен сапасыз шикізатты қайта өңдеу технологиясын жасау және өнірдің өндірістік, экологиялық қауіпсіздікті жақсарту» тақырыбындағы мемлекеттік бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстары.

ӘДЕБИЕТ

[1] Балабеков О.С., Алтынбеков Р.Ф., Сатаев М.И., Алтынбеков Ф.Е. Анализ состояния сточных вод ОАО «ШНОС» и перспективы адсорбционной очистки. РНЖ «Наука и образование Южного Казахстана», Шымкент, 2001, № 23, С.144-148.

[2] Сатаев М.И., Мамитова А.Д., Шакиров Б.С., Сатаева Л.М. Очистка вод адсорбентами органического происхождения. Информационный листок КазГосИНТИ ИЛ № 9-2000 ЮжКазЦНТИ, 19.01.2000 У.п.л. 0.11

[3] Сатаев М.И., Алтынбеков Р.Ф., Алтынбеков Ф.Е., Шакиров Б.С., Оспанов М.Ш. Необходимость и возможность использования адсорбентов для очистки водных растворов. Труды научно-прак.конф. «55-летие Победы в В.О.В.», Шымкент, 2000,3 том, С.170-172.

REFERENCES

[1] Balabekov O.S., Altynbekov R.F., Sataev M.I., Altynbekov F.E. Analiz sostojaniija stochnyh vod OAO «ShNOS» i perspektivny adsorbciionnoj ochistki. RNZh «Nauka i obrazovanie Juzhnogo Kazahstana», Shymkent, 2001, № 23, S.144-148.

[2] Sataev M.I., Mamitova A.D., Shakirov B.S., Sataeva L.M. Ochistka vod adsorbentami organicheskogo proishozhdenija. Informacionnyj listok KazGosINTI IL № 9-2000 JuzhKazCNTI, 19.01.2000 U.p.l. 0.11

[3] Sataev M.I., Altynbekov R.F., Altynbekov F.E., Shakirov B.S., Ospanov M.Sh. Neobhodimost' i vozmozhnost' ispol'zovaniya adsorbentov dlja ochistki vodnyh rastvorov. Trudy nauchno-prak.konf. «55-letie Pobedy v V.O.V.», Shymkent, 2000,3 tom, S.170-172.

НЕФТЕПРОДУКТЫ И ИХ ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ

Г.У.Бектуреева¹, М.И.Сатаев¹, А.Д.Байтугаев², Ш.К.Шапалов¹

¹ Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова, Шымкент, Казахстан

²Региональный социально-инновационный университет, Шымкент, Казахстан

gulzhan.bekturreeva@mail.ru

Ключевые слова: механическая очистка, нефтеповышка, отстойник, флотатор, адсорбера.

Аннотация. Для определения сорбционной способности механоактивированной скорлупы косточек в качестве объекта исследований принятые нефть и нефтепродукты, которые являются одним из основных веществ, загрязняющие сточные воды и внутренние водоемы.

Нефть и нефтепродукты относятся к числу трудноокисляемых органических веществ как на очистных сооружениях канализации, так и в естественных условиях – в водоемах [1-3]. Нефтепродукты, попавшие в водоем со сточными водами, подвергаются различным изменениям, постепенно опускаются на дно водоема. Бактериальное окисление нефтепродуктов на дне происходит примерно в 10 раз медленнее, чем на поверхности. Нефтяная пленка даже толщиной 0,5 мм на поверхности водоемов затрудняет аэрацию воды, а нефть на дне образует донные нефтяные отложения. Самоочищение водоемов от нефти происходит очень медленно. За 2-7 суток содержание эмульгированных нефтепродуктов в воде снижалось при 293 К на 40%, а при 278 К лишь на 15%. В присутствии водной растительности нефтяная пленка исчезала при ее толщине 0,06 мм через 4-6 суток, а при 6 мм – через 20-22 суток.

Поступила 01.10.2015 г.